

А.Қ.ҚҰСАЙЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫ
ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ КАФЕДРАСЫ

Н.Х. Шадиева

6B01701 - «ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ»
мамандығының
«Кәсіптік практикасына» арналған

НҰСҚАУЛЫҚ

Астана, 2024

I КӘСІПТІК ПРАКТИКАНЫҢ МІНДЕТТЕРІ:

- тұтас педагогикалық үдерісті басқаруда мұғалімнің дайындығын қалыптастыру;
- мектеп, сыныптың тұтас педагогикалық үдеріс жағдайы мен оқушы тұлғасын қалыптастыру және диагностикасын жүргізу үшін жалпы педагогикалық, психологиялық білім, іскерлік, дағдыларды жетілдіру;
- пән мұғалімдерімен, оқушылармен, психолог мамандармен, ата-аналармен ынтымақтастықта болу;
- педагогикалық құзырлылығын (ұйымдастырушылық, коммуникативтік, құрастыра білушілік, қолданбалы және т.б.) дамыту және қалыптастыру;
- кәсіби-педагогикалық және тұлғалық-кәсіби іскерліктерін дамыту (сабақтың оқыту, дамыту және тәрбиелік міндеттерін, өз мамандығының пәні бойынша сыныптан тыс жұмыстардың міндеттерін шешу және анықтай білуі);
- дәстүрлі және жаңашыл технологиялардың оқыту әдістерін үйлесімдікте пайдалану;
- педагогикалық іс-әрекеттің шығармашылық зерттеушілік әдісін қалыптастыру;
- тұтас педагогикалық үдерісті жүзеге асыру дайындығына өзіндік баға беруді қалыптастыру;
- оқушы біліктілігін дамытуды жоспарлай білу мен оны нарық бағдарламасындағы білім беруде жүзеге асыру.

II КӘСІПТІК ПРАКТИКАНЫҢ МАЗМҰНЫ

1. Меңгеру:

- сұрақтарды (мемлекеттік стандарт, оқу, тақырыптық, сабақ жоспары, пән бойынша сабақтан тыс жұмыстардың жоспары, тәрбие жұмысының жоспары т.б.);
- өзіне бекітілген сынып оқушыларының адамгершілік тәрбиесінің деңгейін;
- жалпы сынып оқушыларының психологиялық ерекшеліктерін;
- оқу-тәрбие іс-әрекеттерінің психологиялық аспектісін (сабақтың психологиялық құрылымы, оқушылардың қызығушылығы, педагогтік адамтанымдық іс-әрекетінің ерекшеліктері, қарым-қатынас);
- пән бойынша оқудан және сыныптан тыс жұмыстар жүйесін;
- пән бойынша оқушылардың іскерлігін, білім деңгейін;
- сыныптағы тәрбие үдерісін (жоғары сынып оқушыларының даму заңдылықтарын есепке алу, субъект – субъекттік қатынас, жеке тұлғаның әлеуметтік белсенділігі, қызығушылығы және мінез-құлық тәртібі).

2. Іске асыру:

- пән мұғалімінің және сынып жетекшілерінің іс-әрекетін;
- жаңа технологияларды пайдаланып өткізілген сабақтың психологиялық-педагогикалық талдауын;

- оқытудың интерактивтік әдістері, қазіргі инновациялық технологиялар пайдаланылған оқыту әрекеттерін;
- оқыту әдістерін және қазіргі компьютерлік технологияларды пайдалануды;
- ата-аналармен жұмыс әдістері мен олармен ынтымақтастық негізде оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыруды (ата-аналар жиналысына дайындық, сұхбаттасу, сауалнамалық сұрақ);
- оқушылармен кәсіби бағдар беру жұмыстарын өткізуді;
- жалпы мектептік тәрбиелік іс-шаралардың психологиялық-педагогикалық талдауын;
- пән бойынша оқушылармен жалпы мектептік іс-шараларға (пәндік кештер, апталық, олимпиада, конкурстар, т.б.) дайындық жүргізу және өткізуді;
- ұжымдық шығармашылық іс-әрекет негізінде жалпы мектептік тәрбиелік іс-шаралар өткізуді (тақырыптық кештер, күзгі бал және т.б.).

3. Қатысу:

- мектептің педагогикалық кеңесінің жұмысына;
- пән мұғалімдерінің әдістемелік бірлестік жұмыстарына;
- сынып жетекшісінің семинар жұмыстарына;
- кіші педагогикалық жұмыстарға (студенттердің);
- оқыту іс-әрекетінің сараптамасына және өзіндік талдауға;
- оқушылармен тәрбие жұмыстарының талдауына және өзіндік талдауға.

III КӘСІПТІК ПРАКТИКАНЫҢ МІНДЕТТЕРІН ОРЫНДАУҒА БАЙЛАНЫСТЫ ТАПСЫРМАЛАР:

Оқу және тәрбие жұмыстары бойынша

- тәжірибе кезінде қолданылатын қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесі курсы бойынша әдістемелік қосымша материалдары;
- педагогикалық тәжірибе кезінде өтілетін материалдарға сай қосымша әдебиеттер, зерттеулер, бейнефильмдер қолдануды ойластыру;
- практиканттың ғылыми білімі, ұстаздық шеберлігі, ынта жігері, еңбекқорлығы жинақталатындығы ескертіледі;
- сабақ жоспарларын, тақырыптық кештің сценарийін жасау.

Тәрбие жұмыстары бойынша

- Педагогиканың «Тәрбие жұмысы», «Сынып жетекшісінің жұмысы» тарауларын білу;
- бөлінген сыныпқа арнап тәрбие жұмысының жоспарын құру, оны сынып жетекшісінің келісімімен орындау;
- «Сынып жетекшісіне көмек» библиографиясын (кітап, журнал, газет материалдары) құру.

Оқу-іздену жұмыстары бойынша тапсырмалар:

1. Мектептегі қоғамдық ұйымдардың жұмыстарымен танысу.

2. Қоғамалдында (ата-аналар) дәрісоқуғадайындық.

Қазақтілі мен әдебиетінен тапсырмалар:

1. Кем дегенде 12 сабақ өткізу, оның 2-уі (қазақ тілі мен әдебиеті пәндері бойынша) ашық сабақтар.
2. Сыныпшілік не мектепшілік тәрбие сағатын ұйымастыру.
3. Педагогикалық тәжірибенің нәтижесі бойынша студенттер кафедраға төмендегі материалдарды тапсырады:

а) ауылды қмектептерде тәжірибеден өткен студенттер сабақ жоспарларының конспектісін, көрнекі құралдарын, жұмысжоспарларын, қазақ тілі, қазақ әдебиеті бағдарламасын, пайдаланған оқулықтар тізімін, тәжірибе өту күнделігін көрсетіп, деканат белгілеген күні есеп тапсырады;

ә) қалада әдіскерлер мен бірге болған студенттер қорытынды конференцияда іс-тәжірибелерімен бөліседі.

Сабақтан, сыныптан тыс, тәрбие жұмыстарынан көріністер ұсынады.

**ІҮОҚУ-ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША
СТУДЕНТ-ПРАКТИКАНТТЫҢ ЕСЕП ҚҰЖАТЫ**

Өндірістік іс-тәжірибеден өткен студент кафедраға төмендегідей құжаттарды тапсыруға міндетті:

- қазақ тілі мен әдебиеті пәндері бойынша құрастырылған тақырыптық-күнтізбелік жоспарды;
- аталған пәндер бойынша сабақ жоспарларының конспектісін және пайдаланған көрнекі құралдарын;
- өткізген сыныптан тыс жұмыстарының толық нұсқасын;
- тәрбие жұмысының конспектісін;
- мектепте өндірістік практикадан өткендігін дәлелдейтін, сол мекеменің мөрімен заңдастырылған және толық толтырылған күнделігін;
- оқу-тәрбие мекемесі басшысының бағасы қойылған өткізген жұмысының есебін;
- қорытынды конференцияда сабақтан, сыныптан тыс жұмыс түрлерінен үзінді көрсетіліп, тәжірибе алмасу мақсатында көрме ұйымдастырылады.

Пайдаланылған нормативтік құжаттар:

1. Кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу қағидалары және практика базалары ретінде ұйымдарды айқындау қағидалары (29.01.2022ж. №107);
2. Қазақстан Республикасының Білім беру жүйесі. Кәсіптік практика. Негізгі ережелер (ҚР МЖМБС – 5.03.005.-2012; Енгізілген күні: 2012.09.01);
3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы № 49 қаулысымен бекітілген «Жоғары білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары» 50,62,82,83,84-тт.
4. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы «20» сәуірдегі № 152 бұйрығымен бекітілген «Кредиттік оқыту технологиясы

бойынша оқу үдерісін ұйымдастырудың ережесі».

5. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы. Қабылданған уақыты: 27.07.2007. Деректер базасы жаңарған уақыты: 13.11.2014.

6. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген «Мемлекеттік жалпыға міндетті жоғары білім беру стандарты» (13.05.2018ж. өзгерістерімен, №292).

7. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 17 мамырдағы № 499 қаулысымен бекітілген «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары».